

**«6D020100-Философия» мамандығы бойынша  
философия докторы (PhD) дәрежесін алуға дайындаған  
Кемербай Рауан Амантайұлының «Асан Қайғы: қилы заман  
философиясы» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми**

**СЫН-ПІКІР**

**1. Зерттеу тақырыбының өзектілігі және жалпы ғылыми, жалпы мемлекеттік бағдарламалармен (практикалық және ғылым мен техника дамуының сұраныстарымен) байланысы.**

Қазіргі қиын, қилы заманда адамзат дәрменсіз жағдайда, үш ұйықтасак түсімізге кірмейтін індет әлемді дағдарысқа түсірді. Осындай заман болатынан ешбір ғалым, футуролог болжап бере алмағандығын көріп отырмыз. Рауан Кемербайдың «Асан Қайғы: қилы заман философиясы» тақырыбында жазылған диссертациясының мазмұнында «Әй, Жәнібек ойласаң, Қилы-қилы заман болар, Суда жүрген ақ шортан, Қарағай басын шалар» деген жыр жолдары кездеседі. Міне, судағы ақ шортан, қарағай басын шалуы мүмкін емес болып көрінгенімен, бүгінгі күнде сол сөз тура келгеніне куә болдық. Яғни, мүмкін емес жағдайлар, өмірімізде орын алуда.

Адам баласының алдында үлкен, болжап біле алмайтын өзгеріс тұр. Құндылықтар мүлдем басқа. Коллективизм ақырындап, индивидуализмге көшті. Осының барлығы әлемдек құрылысты өзгертетіндігі анық. Осындай заман болатындығын болжап, адамзатты дағдарыстан шығуды ескерткен Асан Қайғының мұрасына, философиясына шын мәнісінде дұрыс қарамағандығымызды мойындауымыз қажет.

Барлығымыз Қазақ философиясының бастауында тұрған Асан Қайғы туралы зерттеулер аз десе де болады. Тек қана, Кенжалы Толысбай деген ғалымның 2005 жылдары қорғап, 2006 жылы жеке кітап қылып шығарғандығын білеміз. Әрине, филология, әдебиет саласында көптеп кездеседі. Ал, философиялық тұрғыдан басқа арнайы, жеке зерттеу өкінішке орай зерттелмеген.

Диссертация мазмұнында Асан Қайғы философиясын өзіміз жақсы білетін Конфуций, Платон, әл-Фараби, Томас Мор, Томаза Кампанелла сияқты әлемдік ойшылдардың шығармаларымен бірдей қойып, салыстырып талдағаны көңіл қуантады. Біздің де жерімізден осындай ойшыл шығып, өзінің идеясын, өзінің философиясын қалыптастырғанын айтып, жазып, зерттеп, насихаттауымыз қажет деп санаймын. Осы аспектіде ізденуші диссертациясының өзектілігі артып, құндылығы жоғарылай түседі деп ойлаймын.

Диссертация тақырыбы мен ондағы идеялар Елімізде жүзеге асырылып жатқан Мәңгілік Ел бағдарламасы, Ұлы даланың жеті қырында жазылған идеялармен үндесіп кетеді. Мемлекет деңгейінде жүзеге асырылып жатқан "Рухани Жаңғыру" бағдарламасымен де өте тығыз байланысы бар.

Осыған орай, Кемербай Рауанның «Асан Қайғы: қилы заман философиясы» тақырыбындағы диссертациясы философия ғылымындағы

заман, қилы заман ұғымдарын философиялық категория ретінде қарастырған алғашқы еңбек деп санаймын.

Диссертация тақырыбы және Асан Қайғының жыр жолдары, мұрасы алдағы уақыт ішінде де өзектілігін сақтап, құндылығы арта түсетіндігі анық.

## 2. Диссертацияға қойылатын талап деңгейіндегі ғылыми нәтижелері.

Ізденуші Кемербай Рауанның диссертациялық жұмысының жоспары, мақсаты мен міндеттеріне сай бес ғылыми нәтижені көрсетеді. Әрқайсына жеке тоқталатын болсақ: **Бірінші нәтижеде**, заман ұғымы философиялық тұрғыдан зерттеліп, жан-жақты қарастырғандығы ұтымды шыққан. «Заман» сөзін көп қолданғанымызбен, осы сөздің астарында қаншама ой, мән жатқандығын білетін болдық. Сонымен қатар, жыраулар философиясының негізгі арқауы осы «заман» болғандығы белгілі. Заманның басқада көріністері бар екендігін, айталық: нар заман, тар заман, кең заман, ақыр заман, амал заман, қилы заман деп кете беретіндігін білетін болдық. Әрине, заманды әр ойшыл, философ өзінше түсінетіндігі анық, дегенмен «заман» ұғымы философиядағы мәңгілік сұрақ болып қалады деп ойлаймын. **Екінші нәтижеде**, бәрімізге мәлім Қазақ хандығының негізін қалаушы Жәнібек пен Керей сұлтандардың кеңесші, ақылшы, данагөйі болған Асан Қайғының орны туралы жазылған. Көп жағдайда Қазақ хандығын құрып, жеке ел болуға қызмет еткен Керей-Жәнібек хандарды айтып, Асан Қайғы сыртта қалып қоятындығын біле бермейміз. Біздіңше, XIV-XV ғасырлардағы Алтын орда, Қазақ хандығының жеке орда болып қалыптасуында Асан Қайғының ақылы, кеңесі, жыр жолдары, толғаулары көптеген қиындықтан алып шыққаны шындыққа сәйкес келеді. Асан Қайғының жыр жолдарынан сол замандағы әлеуметтік-саяси жүйені, халықтың тұрмыс-тіршілігін білуге болатындығы қарастырылған. **Үшінші нәтижеде**, заман біз ойлағандай идеалды қоғам, мемлекет болмайтындығын көрсетті. Өмірде жақсылық пен жамандық, ізгілік пен қатыгездік бірге жүретіндігі белгілі. Адам болған соң өмірде әртүрлі қиындықтарда, қуанышты күндерде болып тұрады. Осылардың барлығы кейбір кезеңдерде әлеуметтік шиеленістерді туғызып, қоғамды дағдарысқа әкеледі. Осындай сәтте Асан Қайғы бабамыз өзінің ақыл-кеңес, насихат, өсиетін айтады. Адамның адамшылық қасиетін жоғары бағалап, бірінмен бірін ұрыспай, бір-бірінді құрметтеп, өзара келісімде өмір сүруін алдыңғы орынға қояды. Яғни, диссертацияда адамның адамшылығы мен қоғам, заман туралы ойлары сәтті талданған. **Төртінші нәтижеде**, Асан Қайғының қилы заман туралы ой-толғаныстары бүгінгі заманмен рухани сабақтастығы баяндалған. Сонау XV ғасырларда айтылған, күн тәртібінде болған мәселелер дәл бүгінгі уақытта да өзекті. Жәнібек сұлтанның басында болған қиыншылық, халықтың басына түскен ауыртпашылық бүгінгі күнде Президентіміздің басына, халқымыздың өмірінде сезіледі. Диссертацияда ұсынылған ұсыныстар Тәуелсіздік идеясымен сабақтасып, өзара үйлесім тапқандығы. **Бесінші нәтижеде**, "Мәңгілік Ел" идеясының этногенезісі сипатталып, жіктеледі. Сақ дәуірінен бастау алатын Мәңгілік Ел идеясы үзілмей, жоғалмай бізге жеткендігі тарихи-таным тұрғысынан өте қызық, екінші жағынан күрделі

процес. Ізденуші сабақтастық феноменін ашуға тырысып, өзінше ой түйеді. Асан Қайғы бабамыздың «Жерұйық» идеясының өзектілігі мен маңыздылығы талқыланып, қазіргі Қазақ мемлекетімен байлағандығы ұтымды шыққан. Себебі, Қазақ елінің тәуелсіздігі бір күнде орнығып шықпағандығы тарихтан белгілі. Бұл өте ұзақ жолдан өткен идеяның өміршеңдігін көрсетеді. Ұлттық идеямызға қосылатын, құнды ойлар табуға болады.

Жоғарыда айтылған, диссертацияның ғылыми нәтижелері бірімен бірі байланысқан тұтас ғылыми еңбек. Әр ғылыми нәтиженің астарында қаншама мән мен себеп жатқандығы диалектикалық тұтастықты көрсетеді.

**3. Ізденуші диссертациясында тұжырымдалған әрбір нәтиженің, тұжырымдары мен қорытындыларының негізделуі және шынайылық дәрежесі.**

**Бірінші ғылыми нәтиже**, нақты түрде дәлелденген болып табылады. Диссертациялық ізденіс барысында алынған нәтижелердің дәлелдігі заман ұғымымен байланысты. Заман ұғымы философиялық аспектіде логикалық, құндылық, саяси, әлеуметтік және басқа тұрғыдан жіктеліп, маңызы ашылған. Өзіндік ойын, көзқарастарын дәйектей білген.

**Екінші ғылыми нәтиже**, қазақ халқының тарихи санасындағы Жәнібек пен Керей сұлтандардың жанында болып, бас идеологы қызметін атқарғандығы дәлелденген. XV ғасыр заманындағы тарихи көріністер шынайы түрде бейнеленіп, жыр-толғаулар дағы мәтіндермен дәйектеліп тұжырымдалған.

**Үшінші ғылыми нәтиже**, қоғам туралы бүгінгі ғылымда қалыптасқан теориялар мен концепцияларға сүйенген. Батыс, Ресей ғалымдарының еңбектеріне сілтеме жасалған. Заман ұғымы қоғам, дәуір, мемлекет, уақыт, кеңестік ұғымдарымен тікелей байланысы ашып көрсетілген.

**Төртінші ғылыми нәтиже**, Асан Қайғының заман, қилы заман туралы ой-толғаныстарының сыры ашылып, себеп, салдарлары анық көрсетілген. Заман бір күнде бола салатын дүние емес, ол ұзақ процесс. Адамзаттың пайда болуымен тікелей байланысты, әрі үнемі күн тәртібінен түспейтін мәселе. Өйткені, бақытты өмір, идеалды мемлекетті іздеушілер, аңсаушылар болған және бола беретіндігі талданған.

**Бесінші ғылыми нәтиже**, "Мәңгілік Ел" идеясы, Мәңгілік ұғымы қазақ халқының үнемі толғандырған. Міне, осы мәселеде диссертация мазмұнында жіктеліп, тарих философиясы деңгейінде көрініс тапқан. Сонымен қатар, бүгінгі мемлекетімізде іске асырылып жатқан Мәңгілік Ел, "Рухани Жаңғыру" бағдарламасындағы идеялармен үндестігі сарапқа салынады.

**4. Ізденушінің диссертациясында тұжырымдалған әрбір ғылыми нәтиже (қағида) мен қорытындының жаңашылдық деңгейі.**

**Бірінші ғылыми нәтиже**, салыстырмалы түрде жаңа. Себебі «Заман» ұғымын концепт ретінде алып, мән-мағынасы талданады. Философиялық ұғым ретінде алғаш рет жан-жақты талданады.

**Екінші ғылыми нәтиже**, салыстырмалы түрде жаңа. Себебі Қазақ хандығы дәуіріндегі жыраулық философияның негізін салушы Асан Қайғының жыр, толғаныстарына сараптама, мәтіндеріне герменевтикалық талдау жасалған.

**Үшінші ғылыми нәтиже**, жаңа және салыстырмалы түрде ашылған. Әлемдік ой алыптарының идеяларымен тарихи сана тұрғысынан компаративистикалық әдіспен салыстырмалы-талдау жұмыстары жүргізілген.

**Төртінші ғылыми нәтиже**, жаңашыл идеяларға толы. Асан Қайғының жыр жолдары ойдан шыққан қиял емес. Нақты заманның көрінісінен туындаған шынайы ойлар. Сол жырлардың ішінде жүрген, көзімен көрген. Асан Қайғы идеясының ерекшелігі «Жерұйықты» өзі үшін емес, қазақ хандығының халқы үшін іздегендігі сипатталады.

**Бесінші ғылыми нәтиже**, жаңа болып табылады. Қазақ елінің Мәңгілік Ел, Ұлы даланың жеті қыры, Рухани Жаңғыру идеяларымен тікелей байланысы нақты дәлелдермен көрсетілген.

**Алынған нәтижелердің практикалық және теориялық маңыздылығы.**

Кемербай Рауанның диссертациялық жұмысы бүгінгі күнде және келешекте өзекті болады деп есептеймін. Өйткені заман, сол замандағы адам, адамның өмірлік құндылықтары өзгермелі. Диссертант Кемербай Рауанның зерттеу барысында қол жеткізген нәтижелері мен ғылыми жаңалығының теориялық және тәжірибелік маңызы жоғары деп айта аламын. Шын мәнісінде, заманның салдары, заманның үдерісі көп жағдайда анықтаушы фактор. Ізденушінің заман, қилы заман туралы толғанысы, тұжырымдары философия ғылымында алғаш рет қарастырылған тақырып. Заманына қарай ой, жүйе, философияда өзгеріп тұруы тиіс және осы тұрғыдан диссертацияның маңыздылығы арта түседі.

Диссертация қорытындылары мен негізгі тұжырымдарын философия мамандығы бойынша білім алушыларға және Қазақ философиясының тарихы, Жыраулар философиясы курстарына пайдалануға болады. Сонымен қатар, «Асан Қайғы философиясы» атты элективті пәнін білім бағдарламасына енгізуде негізгі көмекші құрал бола алады. Біздіңше, жалпы көпшілікке арналған қызықты ғылыми жұмыс деуге болады.

**Диссертацияның негізгі қағидасының, нәтижесінің, тұжырымдары мен қорытындыларының жариялануының жеткіліктігіне растама.**

Диссертациялық жұмыс Лев Гумилев атындағы Еуразиялық ұлттық университеті философия кафедрасында орындалған.

Диссертациялық зерттеудің мазмұны мен негізгі нәтижелері 9 ғылыми мақалада көрініс тапқан. Соның ішінде ҚР БҒМ Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған «ҚазҰУ Хабаршысының философия сериясы» журналында – 2 ғылыми мақала, «Адам әлемі» журналында – 1 мақала, Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Қазақстандық стратегиялық институт жанындағы «Қоғам және дәуір» журналында жарияланды.

Сонымен қатар, диссертация тақырыбы бойынша Скопус базасына кіретін «European Journal of Science and Theology» (February 2020, Vol.16, №1, P. 131-139) журналында (Румыния) мақала шығарған. Одан басқа, бірнеше мақалалар халықаралық ғылыми-теориялық конференция жинақтарында жарық көрді.

Ізденушінің тағы бір үлкен жұмысы Асан Қайғы жырлары мен толғауларын бір кітапқа жинақтап, жеке кітап қылып шығарғандығы оң нәтиже береді деп ойлаймын.

**Диссертация мазмұнындағы және рәсімдеуіндегі кемшіліктер мен ұсыныстар.**

Кемербай Рауанның диссертациялық зерттеу жұмысы кәсіби деңгейде философиялық тұрғыдан түсінікті, қызықты жазылған.

Диссертация бойынша ескертпелер: 1/ Жұмыста кейбір емлелік қателер кездесіп тұрады, соларды жөндеп, біршама редакторлық түзетпелер енгізілгені жөн, ол негізінен әдебиеттер тізімінен байқалады. 2/ Тақырып бойынша кейбір жұмыстарға пікірталастық көзқарастар болғаны дұрыс сияқты. 3/ Пайдаланылған әдебиеттер тізімінде халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдарын көбірек қолдану керек еді. 4/ Автордың тақырыпты талдау барысында кейде баяндау стиліне ауысып кететін кездері кездеседі. Ол педагогикалық әдеттерге байланысты болуы мүмкін. Дегенмен философиялық талдаудың әртүрлі қырлары, сипаттары бар екенін ескерген жөн. 5/ Диссертациялық жұмысты қорытындылау жағын күшейткен жөн. Себебі, көтерілген тақырыптың әрі қарай жалғасуы жөнінде ойларды өрнектеген жөн. Сонда ғана философия тарихын зерттеудің маңыздылығы арта түседі.

Кемшіліксіз ғылыми жұмыс мүмкін емес. Зерттеу нәтижелері, тұжырымдары, анықтамалары ізденушінің дұрыс бағытта екендігін көрсетеді. Диссертацияның басында қойылған міндеттер мен мақсаттар өз нәтижесіне жеткен. Диссертация мазмұнында жазылған ұсыныстар еліміздің, философия ғылымының одан әрі қалыптасуына мүмкіндік береді.

**Диссертация мазмұнының Ғылыми дәреже беру ережелерінің талаптарына сәйкестігі.**

Диссертант Кемербай Рауанның қорғауға ұсынылған диссертациялық зерттеу жұмысы ғылыми жағынан өзекті. Жұмыс толық аяқталған. Диссертант өз ойлары мен ғылыми тұжырымдамаларын дәлелдеу барысында әдістемелер мен ғылыми әдістерді оңтайлы пайдалана білген. Диссертанттың зерттеу жұмысы қазақстандық философия ғылымына өзіндік үлес қосады деп айтуға болады.

Ғылымаралық байланысты тиімді пайдаланып, диссертация мазмұны, құрылымы, талдануы диссертациялық жұмысқа қойылатын талаптарға сай жазылған. Автор өз зерттеу жұмысында тарихи жүйені сақтап, салыстырмалы сараптама жасалған.

Кемербай Рауанның «Асан Қайғы: қилы заман философиясы» тақырыбындағы зерттеу жұмысының мазмұны ҚР БҒМ Білім және ғылым

саласын бақылау жөніндегі Комитеттің «Ғылыми дәреже беру ережесінің» 2-бөлімінің талаптарына сәйкес орындалған.

Жоғарыда айтылған мәліметтерге сәйкес жұмыстың авторы Кемербай Рауан Амантайұлының «6D020100-Философия» мамандығы бойынша философия докторы (Ph.D) дәрежесін алуға лайықты деп есептеймін.

**Ресми сын-пікір беруші:**

С. Сейфуллин атындағы ҚазАТУ,  
«Философия» кафедрасының  
меңгерушісі, филос.ғ.к., доцент



Е. Муханбеткалиев

